

Эстетикалық бағыттағы гимназияның 2024-2025 оқу жылына өзін – өзі бағалау бойынша

а н ы қ т а м а

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығы негізінде барлық білім беру ұйымдары жыл сайын оқу жылының қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалау өлшемшарттарына сәйкес атқарылған жұмыстарға бағалауды жүргізіп, ашықтықты қамтамасыз ете отырып, білім беру ұйымының ресми сайтына орналастыруы тиіс. Аталған нормативтік құжатты басшылыққа ала отырып, Эстетикалық бағыттағы гимназияның әкімшілік құрамы 2024-2025 оқу жылына атқарылған жұмыстардың анықматасын ұсынады.

I. Білім беру ұйымына жалпы сипаттама.

Білім беру мекемесінің толық атауы: «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

БСН 990840002079 заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлігі 2022 жылдың 21 қарашасында берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркелген күні 1995 жыл 05 тамыз.

Заңды мекен-жайы: 090014, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Самал көшесі 74 құрылыс. Электрондық мекен-жайы: Shgen_uralsk@mail.kz

Интернеттегі ресми сайт: <https://shgen-uralsk.bkgov.kz/kz>

Әлеуметтік желідегі ресми парақшалар: https://www.instagram.com/shgen_07/;
<https://www.facebook.com/soshgen07>
Телефон, факс: 8 (7112) 24-03-38.

Мекеменің техникалық паспорты 2021 жылы 29 қарашада жасалған. Сериясы –А, қабат саны-3+П,Т, құрылыс ауданы-4481,9 ғимараттың ауқымы-43887, жалпы алаң-15137,4, салынған жылы-2021 жыл (*көшірме қосымша ұсынылады*).

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК басқару органы - «Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы»; Құрылтайшысы-«Батыс Қазақстан облысының әкімдігі».

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 690 шешімі негізінде тұрақты жер пайдалану құқығын беретін актісі (жер учаскесінің алаңы – 1.6673 га) кадастрлық номері: **08-130-034-449** (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Білім беру қызметі ҚР «Білім туралы» заңына, ҚР бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің нормативті құжаттарына, ҚР БжҒМ нұсқаулық хаттары мен бұйрықтарына, ҚР орта жалпы білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік Ережелеріне, мекеменің Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 09 желтоқсан 2022 жылғы №KZ74LAA00032916, мерзімі–шектелмеген (*көшірме қосымша ұсынылады*).

Мекеменің қаржы-экономикалық жағы жеке жүргізіледі. Мекеменің ағымдағы шоты, мөрі бар.

БҚО әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК

КБе 16

KZ8994813KZT22030692

БИК EURIKZKA "Евразийский Банк" АҚ

«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК-ның мектепшілік тәртіп ережелері «Білім туралы» Заң, Жарғы және басқа да азаматтық қатынастарды реттейтін нормативті құқықтық құжаттар негізінде құрылған.

Гимназия директоры Акашаева Зияда Мирасовна 2025 жылы 2 маусымдағы Орал қалалық білім беру бөлімінің №87§1 бұйрығымен мекеменің директоры қызметіне тағайындалды.

Мектеп-гимназия, Мемлекеттік аттестаттаудан соңғы рет 2022 - 2023 оқу жылында өтті.

«Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығының 2 тарауының 2 тармақшасына сәйкес білім беру ұйымының 2023-2024 оқу жылдары бойынша бағалау өлшемшарттарына сәйкес өзін-өзін бағалауды жүргізді.

II. Кадрлық құрамға талдау.

Білімдері бойынша

Оқу жылы	Барлық педагогтер саны	Жоғары	Арнаулы орта білімді
2022-2023 оқу жылы	122	112	10
2023–2024 оқу жылы	121	119	2
2024–2025 оқу жылы	133	121	2

Санаттары бойынша (жалпы орта білім беретін пәндер бойынша)

Оқу жылы	Мұғалім саны	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Жоғары	I	II	санатсыз	Басшылар санаты	%
2022-2023	122	5	28	21	31	1	4	1	30	2	48,3%
2023-2024	121	5	32	20	35	1	1	2	25	2	48,7%
2024-2025	133	5	33	25	39	1	0	0	30	4	48,1%

2022-2023 оқу жылында барлығы 122 мұғалім қызмет атқарды, оның ішінде 5- і педагог-шебер, 28 педагог-зерттеуші, 21 педагог-сарапшы, 1- жоғары санатты, 4- бірінші санатты. Сапалық құрам 48,3 %.

2023-2024 оқу жылында

Жалпы білім беру бойынша 121 педагог қызмет атқарды, оның ішінде 5- і педагог-шебер, 32 педагог-зерттеуші, 20 педагог-сарапшы, 1- жоғары санатты, 1- бірінші санатты. Сапалық құрам 48,7 %. *(ө.ж. салыстырған сол қалпында қалып отыр)*

2024-2025 оқу жылында

Жалпы білім беру бойынша 133 педагог қызмет атқарады, оның ішінде 5- і педагог-шебер, 33 педагог-зерттеуші, 25 педагог-сарапшы, 1- жоғары санатты, Сапалық құрам 48,1 %. *(ө.ж. салыстырғанда 0,6%-ға төмендеген. Педагог-зерттеуші мен педагог-сарапшы саны артқанымен, педагогикалық құрамға жас мамандардың келу себебінен өзгеріс бар.)*

Пәндер	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Жоғары	Модератор
Қазақ тілі мен әдебиеті	1	6	5		5
Орыс тілі мен әдебиеті	1	1	2		2
Ағылшын тілі	2	3	6		5
Бастауыш сынып	2	14	3	1	2
МИФ		1	5		9
Тарих		3			5
Химия, биология, география			4		3
Технология, музыка		3	1		2
Дене шынықтыру		2			5
Психолог, логопед			1		1

Қосымша білім беру (ЭБ) бойынша педагогтер саны-25

Оның ішінде:

Педагог зерттеуші – 1;

педагог сарапшы – 3;

педагог- модератор- 13.

Өткен оқу жылымен салыстырғанда жас мамандар саны артты. Өткен оқу жылында жұмысқа орналасқан 2 жас маманның басқа жұмысқа ауысына байланысты тәлімгерлік жұмысы тоқтатылды. 2024-2025 оқу жылында 3 жас педагог орналасып, 3 тәлімгер тағайындалды.

Жас маман	Тәлімгер	Жетістіктер
Орлова М.А. Биология пәні мұғалімі	Хайруллина А.Б.	«ZAS BIO-GEO-2025» олимпиадасы 2-орын
Чапурин А.А.	Нагметова С.С.	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған математикалық олимпиада 3 орын
Мутигуллина С.Н.	Шайхиева Д.Е.	

Еңбек өтілдері бойынша

Оқу жылы	барлығы	0-3	3-5	6-10	11-15	16-20	20жж
2022-2023	122	24	7	13	10	23	45
2023-2024	121	25	8	15	11	22	40
2024-2025	133	8	28	22	12	21	42

2023-2024 оқу жылы бойынша ұжымның жалпы орта білім беру циклі бойынша орташа еңбек өтілі 14 жыл 2 айды құрайды. (ө.ж. 14 жыл 8 ай)

2024-2025 оқу жылы бойынша ұжымның жалпы орта білім беру циклі бойынша орташа еңбек өтілі 12 жыл 7 айды құрайды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда педагогтердің еңбек өтілі жасарып келеді.

2024-2025 оқу жылында «Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» бойынша жылдық атқарылған әдістемелік жұмысына талдау


Мектептегі әдістемелік жұмыстың тақырыбы: «Инновациялық жүйенің моделін қолдану арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру және зияткерлік әлеуетін дамыту» тақырыбымен үш оқу жылы бойына жұмыстанып келеді.

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың мақсаты:

Мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерін инновациялық модель арқылы жандандырып, үйлесімді, дамыған тұлға тәрбиелеу, пән мұғалімдері оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде шығармашылық әрекетке баулу; білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибені зерттеп, жинақтау, тарату, кәсіби әдістемелік көмек көрсету;

Ғылыми-әдістемелік жұмыстың негізгі міндеттері :

- Гимназияның әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырып, ғылыми жұмыстарға басшылық жасау.
- Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету.
- Мектеп мұғалімдерінің оқу үрдісінде жаңа технологияларды оқып-үйреніп бүгінгі күн талабына сай қолдана білу, шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік жасау.
- Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің инновациялық әрекеттерін насихаттай отырып, білім сапасын арттыру және жұмыс мазмұнын жаңаша бағытта қалыптастыру.
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын ұйымдастыру.
- Ғылыми орталықтармен, жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық арқылы теорияны, қолда бар деректер мен тәжірибені үйлестіру, ғылыми- зерттеу жұмыстарын жүйелеу.



Мектепті басқарудың жаңа моделіне сәйкес ғылыми-әдістемелік жұмысты жүзеге асыратын «EDLINER» клубы 5 бағытта жұмыс жасайды. «Үздіксіз тәжірибе» шеберханасы, «Өсу векторы», «Зерттеушілер компасы: зерттеу қызметіне бағдар», «Эмоционалды құзіреттілік», «Ads time» бағыттары бойынша өз жұмысын атқарды.

«Үздіксіз тәжірибе» шеберханасы гимназияның әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырып, ғылыми жұмыстарға басшылық жасау, гимназия мұғалімдерінің оқу үрдісінде жаңа технологияларды оқып-үйреніп бүгінгі күн талабына сай қолдана білу, шығармашылық жұмыспен айналысуына мүмкіндік жасау, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің инновациялық әрекеттерін насихаттай отырып, білім сапасын арттыру және жұмыс мазмұнын жаңаша бағытта қалыптастыру, мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Жас мамандар мен пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған семинардың басты мақсаты – мұғалімдердің педагогикалық шеберліктерін арттыру, заманауи оқу әдістерін меңгеруге, өз тәжірибелерін бөлісуге мүмкіндік беру. Семинар барысында мұғалімдерге жаңа білім беру әдістері мен технологияларын қолдану бойынша ақпарат берілді, сонымен қатар оларды қолдану жолдары талқыланды.

Семинардың мазмұны әр түрлі тақырыптарды қамтыды, оның ішінде:

- Оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдері.
- Мұғалімнің кәсіби дамуы: әдістемелік тұрғыдан қалай жетілуге болады.
- Жас мамандарға педагогикалық кеңес беру, оларды жұмыстағы қиындықтардан шешімдер табуға бағыттау.
- Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды сабақта қолдану жолдары.
- Сабақтың тиімділігін арттыру үшін оқу материалдарын тиімді таңдау мен қолдану әдістемесі.

Мектепшілік деңгейдегі семинарлар:

- **Тақырыбы:** «Педагогтің кәсіби құзіреттілігі – сапалы білім кепілі».
- **Өткізілген мерзімі:** 2024 жылғы 23 қараша
- **Қатысушылар:** ЭБГ педагогтері
- **Негізгі мақсат:** Педагогтердің кәсіби біліктілікті мен шеберлігін арттыру арқылы сапалы білімді қамтамасыз ету бойынша әдістемелік көмек беру.

<https://www.instagram.com/share/reel/BAHVkH1HQA>

Қалалық деңгейдегі семинарлар:

- **Тақырыбы:** «Жасанды интеллект құралдарын оқу үрдісінде қолдану жолдары», «Применение искусственного интеллекта в обучении младших школьников: новые технологии для развития мотивации».
- **Өткізілген мерзімі:** 2024 жылғы 6 желтоқсан (қазақ тілінде) 12 желтоқсан (орыс тілінде)
- **Қатысушылар:** Қалалық білім бөлімінің бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп әкімшілігі
- **Негізгі мақсат:** Оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану арқылы тәжірибе алмасу.

Қорытынды: Семинар барысында мұғалімдер жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану тәжірибелерімен бөлісті. Семинар жасанды интеллект технологияларын білім беру процесіне енгізудің маңыздылығын және олардың оқу үдерісін жеңілдетуге, оқушылардың білімін бағалауға және жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік беретініне сенімділік туғызды. Мұғалімдер ЖИ құралдарын оқыту үдерісіне енгізуді үлкен қызығушылықпен қабылдады және оны өз жұмыстарында қолдануға дайын екендіктерін көрсетті.

https://www.instagram.com/share/reel/_3GxB5HeR

Тақырыбы: «Функциональная грамотность чтения: уровни, стратегии и задания».

- **Өткізілген мерзімі:** 2025 жылғы 2 сәуір (орыс тілінде)
- **Қатысушылар:** Қалалық білім бөлімінің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері, жас мамандар мектебі
- **Негізгі мақсат:** Обмен опытом по вопросам развития функциональной грамотности.
- **Қорытынды:** Семинар барысында жас мамандар мектебінің мұғалімдеріне функционалды сауаттылықты арттыру бойынша тәжірибемен бөлісіп, ашық сабақтар, сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/share/reel/BAQ53roCdd>

- **Тақырыбы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) пәні педагогтерінің пәндік және кәсіби құзіреттіліктерін дамыту»
- **Өткізілген мерзімі:** 2025 жылғы 16 сәуір

- **Қатысушылар:** Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру курсының тыңдаушылары

- **Негізгі мақсат:** Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) пәнін оқытуда сабақты жоспарлау мен оқыту ресурстарын тиімді қолдануда тәжірибе алмасу.

- **Қорытынды:** Семинар қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда сабақты тиімді жоспарлау мен оқыту ресурстарын тиімді қолданудың маңыздылығын көрсетіп, қатысушыларға жаңа әдіс-тәсілдер мен техникалар туралы терең түсінік берді. Мұғалімдер бір-бірінен үйреніп, өз сабақтарында қолдануға болатын жаңа идеялармен бөлісті. Семинардың мақсаты – мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, тәжірибе алмасу және жаңа әдістерді қолдану арқылы білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды жүзеге асыру болды.

<https://www.instagram.com/share/reel/BALx1cWtMh>

Облыстық деңгейдегі семинарлар:

- **Тақырыбы:** «Оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл», «Реализация ценностно-ориентированного подхода в начальной школе»

Өткізілген мерзімі: 2024 жылғы 10 қазан (орыс тілінде), 2025 жылғы 15 сәуір (қазақ тілінде)

Қатысушылар: Облыс мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдері

Негізгі мақсат: Оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде ұлттық құндылыққа бағдарланған тәсілдерді қолдану арқылы тәжірибе алмасу. Обмен опытом в обучении и воспитании учащихся с использованием национальных ценностей в рамках ценностно-ориентированного подхода.

- **Қорытынды:** Семинарға қатысушылар педагогикалық инновацияларды енгізу жолдарын қарастырып, облыс мектептерінде ұлттық құндылыққа бағдарланған тиімді әдістер мен құралдарды қолданудың маңыздылығын түсінді. Сонымен қатар, мұғалімдер арасында жаңа идеялар мен тұжырымдамалар бойынша пікір алмасу болды.

<https://www.instagram.com/share/reel/BAHiVpKutk>

- **Тақырыбы:** «Тәжірибе алмасу-кәсіби қажеттілік.» Ұстаздар шеберханасы

Өткізілген мерзімі: 2025 жылғы 26 наурыз

Қатысушылар: Облыс, қала мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдері

Негізгі мақсат: Тәжірибе алмасудың маңыздылығын және тиімді жұмыс жасау жолдарын көрсету арқылы мұғалімдер арасындағы кәсіби қажеттілікті шындау.

- **Қорытынды:** Семинарға қатысушылар педагогикалық инновацияларды енгізу жолдарын қарастырып, облыс мектептерінде ұлттық құндылыққа бағдарланған тиімді әдістер мен құралдарды қолданудың маңыздылығын түсінді. Сонымен қатар, мұғалімдер арасында жаңа идеялар мен тұжырымдамалар бойынша пікір алмасу болды.

<https://www.instagram.com/share/reel/BAKUd-ELYX>

Семинардың өткізілуі тиімді болды, себебі мұғалімдер өздерінің оқу процесіндегі тәжірибелерімен бөлісіп, пікір алмасуға мүмкіндік алды. Семинарда мұғалімдер өзекті мәселелерді талқылады, өз тәжірибелерімен бөлісті және бір-біріне көмектесу жолдарын іздеді. Семинар кезінде іс-тәжірибе арқылы жұмыс істеу, практикалық тапсырмаларды орындау, нақты мысалдар мен жағдайларды қарастыру мұғалімдердің кәсіби дамуында маңызды рөл атқарды.

Семинарға қатысқан жас мамандар мен пән мұғалімдері өздерінің пікірлерін білдіріп, бірнеше маңызды мәселелерді атап өтті:

- Мұғалімдер жаңа әдістер мен құралдарды қолдану мүмкіндігіне ие болды, бірақ оны тәжірибеде қолдану үшін уақыт пен мүмкіндік қажет екендігін айтты.

- Практикалық тапсырмалардың тиімділігі мен маңыздылығын атап өтіп, оларды сабақта жиі қолдануды ұсынды.

- Семинарда талқыланған әдістемелік кеңестер мен ұсыныстар мұғалімдердің сабақты тиімді ұйымдастыруға, оқушылармен жұмысты жақсартуға мүмкіндік беретінін айтты.

Ұсыныстар мен болашақта жүзеге асыру шаралары

- Тәжірибені тұрақты түрде алмастыру: Семинарлар мен әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырып, жас мамандар мен пән мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуына жағдай жасау қажет.

- Жаңашыл әдістерді қолдануға бағыттау: Мұғалімдерге инновациялық педагогикалық технологияларды көптеп енгізу керек. Бұл үшін арнайы тренингтер мен мастер-класстар өткізілуі тиіс.

- Оқыту барысында жеке тәсілдер мен әдістерді қолдану: Әрбір мұғалімнің жеке қабілеттері мен тәжірибесіне қарай әдістемелік көмек көрсету керек. Бұл мұғалімдердің кәсіби өсуіне оң әсер етеді.

Қолдау мен жетекшілік: Жас мамандарға арнайы жетекші тағайындап, оларды жұмыс барысында тұрақты түрде қолдап отыру қажет. Бұл олардың кәсіби шеберліктерін дамытып, оқу процесін жақсартуға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жас мамандар мен пән мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсету мақсатында өткізілген семинарлар өте тиімді болды. Мұғалімдер жаңашыл әдістер мен құралдарды меңгерді, тәжірибе алмасты. Осыдан келіп шығатын негізгі қорытынды – мұғалімдердің кәсіби дамуында мұндай әдістемелік жұмыстардың маңызы зор. Семинарлар мен тренингтерді жалғастыра отырып, мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіруіне, оқыту сапасын арттыруына мүмкіндік жасау қажет.

Эстетикалық бағыттағы гимназиямызда 2024-2025 оқу жылының бірінші тоқсанының қорытындысы нәтижесінде Lesson study педагогикалық тәсілін қолдану процесі фокус топтарды құрудан басталды.

Эстетикалық бағыттағы гимназияның 2024 жылдың 30 қазан айындағы педагогикалық кеңестің №2 хаттамасының шешіміне сәйкес 6 Д, 7 А, 7 Д, 9Б сыныптарында Lesson study сабақты зерттеуді өткізу үшін төмендегі нұсқада топ жетекшілері тағайындалып, топ құрамы бекітілді:

Модераторлар: Ж.А Тамашева, А.Б. Хайруллина, А. М. Артигалиева, З.М.Акашаева

7 Д сыныбы бойынша

Ж.Тамашева (топ жетекшісі)

Мүшелері: Ү.Ашекенова, Д.Кунашев, Н. Тугультаева, М.Мадиев

9 Б сыныбы бойынша

А.Б. Хайруллина (топ жетекшісі)

Мүшелері: Хайрушева Д.М., Султанов А.Т., Утишкалиева С.К., Жусупкалиева К.К., Баяндыкова Ж.М., Кажимова А.К.

6 Д сыныбы бойынша

А.Артигалиева (топ жетекшісі)

Мүшелері: Аманбаева А.Н., Мухамбетова З.М., Ким.Е.В, Хамиева Ж.Г., Сейтова Г.А, Үмбетова Р.Ү.

7 А сыныбы бойынша

А.Акашаева (топ жетекшісі)

Мүшелері: А.Кунуспаева, Ашекенова Ү.Е., Тугультаева, С.Қаби

Жұмыс жоспары әрбір бақыланатын сыныптағы проблемаға негізделді. Проблемалар әр түрлі болғандықтан әр топтың зерттеу сұрақтары да әр түрлі болды:

1-топ, 7 Д сыныбының зерттеу сұрағы: «Как с помощью командной работы можно повысить учебную активность учащихся?»

2-топ, 9 Б сыныбының зерттеу сұрағы: «Как можно использовать прием «вопрос-ответ» для улучшения обучения учащихся?»

3-топ, 6 Д сыныбының зерттеу сұрағы: «Формирование учебной дисциплины через эффективное управление вниманием и мотивацией учащихся на уроке»

4-топ, 9В сыныбының зерттеу сұрағы: «Как использование навыков изучающего чтения влияет на формирование академических знаний обучающихся?»

Сабақты зерттеу жұмыстары мектептегі оқушылардың оқу белсенділігі мен жетістігін арттыруға бағытталған тәжірибелік зерттеу ретінде ұйымдастырылғанымен, зерттеу сұрағы аясында жүргізілген сабақтар толық талданбады. Біріншіден фокус топтың құрамындағы пән мұғалімінің (Қаби А.С.) жұмыстан өз еркімен кетуі, декреттік демалысқа шығуы (Н. Тугультаева) екіншіден, топ құрамындағы педагогтердің әдістемелік көмекті қажет етуі.

Өткен оқу жылында жүргізілген сабақты зерттеу нәтижесінде Lesson Study тәсілін қолдануды қарастыратын мектептің әкімшілігі мен педагогтарына, біліктілікті арттыру курсы

тыңдаушыларына, педагогикалық мамандық бойынша білім алушыларға арналған әдістемелік жинақ қалалық, облыс көлемінде таратылды.

Ұсыныс:

- Әрі қарай да әр сыныпқа сай проблемаларды анықтап, нақты мақсатпен зерттеу жүргізу тәжірибесін жалғастыру.

- Lesson Study нәтижелерін мектепшілік семинарларда бөлісу, жақсы практика ретінде тарату.

Мұғалімдер жетістігі:

2022-2023 оқу жылы бойынша республикалық – 1 (0,8%), облыстық – 5 (4,1%), қалалық – 6 (4,9%), аймақтық -1(0,8%) барлығы 13 (10,7%)

2023-2024 оқу жылы бойынша республикалық – 1 (0,8%), облыстық – 7 (5,7%), қалалық – 5 (4,1%), аймақтық -1(0,8%), барлығы 14 (11,4%) ө.ж. салыстырғанда 1 жетістікке немесе 0,8% көп.

2024-2025 оқу жылы бойынша республикалық – 1 (0,7%), облыстық – 4 (4,5%), қалалық – 15(11,2%), аймақтық -1(0,7%) барлығы 17 (16,5%) Өткен оқу жылымен салыстырғанда облыс деңгейіндегі жетістіктер саны азайған.

Ұсыныс:

- Пән мұғалімдері арасында мектепшілік байқаулар мен пәндік олимпиадаларды ұйымдастырып, дарынды педагогтерді анықтау арқылы қала, облыс, республика көлемінде қатысуға мүмкіндік жасау.

2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Республикалық – 1	Республикалық – 1
Облыстық -7	Облыстық -4
Аймақтық – 1	Аймақтық – 1
Қалалық - 5	Қалалық - 15

Мұғалімнің аты-жөні	Лауазымы	Жетістігі	Деңгейі	Уақыты
Салихова А.Р.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған математикалық олимпиада I орын	Қалалық	2024 қараша
Балгабаева Ж.Ж.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған математикалық олимпиада 2 орын	Қалалық	2024 қараша
Чанурина А.А.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған математикалық олимпиада 3 орын	Қалалық	2024 қараша
Умбетова Г.Ш.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Педагогикалық идеялар панорамасы» II орын	Облыстық	Қараша 2024 ж
Умбетова Г.Ш.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Шығармашылық, педагогикалық қызметтегі инновациялар» атты республикалық педагогикалық оқуы II орын	Республика	2025 жыл қаңтар
Қаби А.С.	Химия пәні мұғалімі	«Педагогикалық идеялар панорамасы» III орын	Облыс	2024 ж Қараша

Салихова А.Р.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған математикалық олимпиада 3 орын	Облыс	2024 қаңтар
Балгабаева Ж.Ж.	Бастауыш сынып мұғалімі	«Алтын тұғыр» бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған математикалық олимпиада 3 орын	Облыс	2024 қаңтар
Команда Кунашев Д.С. Қаби А.С. Мадиев М.Г. Туғұльтаева Н.Б. Орлова М.А.	ЭБГ жас мамандар командасы	«Жас ұстаз: табысқа апарар жол» III Аймақтық форумында « Кейс-лаборатория: шешімін бірге іздейміз» III трек командалық питч-сессиясы I орын	Аймақтық	2024 жыл желтоқсан
Кунашев Д.С.	Тарих пәні мұғалімі	«Сапалы білім-сапалы сабақтан» ашық сабақтар шеруі III орын	Қалалық	2025 ж қаңтар
Қарес Г.Е	Биология пәні мұғалімі	«Сапалы білім-сапалы сабақтан» ашық сабақтар шеруі III орын	Қалалық	2025 ж қаңтар
Нұрланова А.Н.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	«Сапалы білім-сапалы сабақтан» ашық сабақтар шеруі III орын	Қалалық	2025 ж қаңтар
Кунакбаева А.П.	Математика пәні мұғалімі	«Үздік авторлық бағдарлама» байқауы 3 орын	Қалалық	11 қараша 2024
Үмбетова Р.Ү.	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Педагогикалық идеялар фестивалі» 2 орын	Қалалық	Желтоқсан 2024 жыл
Орлова М.А.	Биология пәні мұғалімі	«ZAS BIO-GEO-2025» олимпиадасы 2-орын	Қалалық	Мамыр 2025 ж
Касмуханова Гульжиян Мерекеевна	Бастауыш сынып мұғалімі	Зерделі ақыл ой дамыту мектебінің ұйымдастыруымен «Зерделі ұстаз» олимпиадасы	Республикалық	Мамыр 2025
Балгабаева Жанаргуль Жеңісқызы	Бастауыш сынып мұғалімі	Зерделі ақыл ой дамыту мектебінің ұйымдастыруымен «Зерделі ұстаз» олимпиадасы	Республикалық	Мамыр 2025
Джуматов Батырбек Садырович	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Орал қаласының білім беру бөлімі «Этно-Арт-Дизайн» макет байқауы Алғыс хат	Қалалық	2024 жыл
Ижанова Айслу Кабиевна	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Орал қаласының білім беру бөлімі «Ұлттық қолөнер nano технологиялары әлемінде» байқауы 2 орын	Қалалық	2025 жыл
Бекишева Шакизат Болатовна	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Орал қаласының білім беру бөлімі «Ұлттық қолөнер nano технологиялары әлемінде» байқауы 3 орын	Қалалық	2025 жыл
Джуматов Батырбек Садырович	Көркем еңбек пәні мұғалімі	Кәсіподақ мүшелері арасындағы қалалық YIII-ші «Денсаулық»	Қалалық	2025 жыл

		спартакиадасында Үстел теннисі 3 орын		
Качурина Светлана Николаевна	Көркем еңбек пәні мұғалімі	«Ғасыр мұрасы» сурет байқауы Алғыс хат	Қалалық	2025 жыл
Қанат Аманат Азаматұлы	Дене тәрбиесі пәні мұғалімі	Мұғалімдер арасында Республикалық спартакиадаға белсенді қатысқаны үшін Алғыс хат	Қалалық	2024 жыл

Біліктілікті арттыру бойынша

№	Аты-жөні	Пәні	Курстың атауы	Уақыты	Өткен орны Сертификат №
1	Панфилов Петр Николаевич	Дене шынықтыру пәні	Совершенствование профессиональных компетенций педагогов физической культуры	20.12.2024	«Ustaz» педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы» ЖШС 80 с. №322
2	Ваганова Эльвира Вагизовна	Психология	«Білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылықтың алдын-алу»	11.04.2025	«Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми- практикалық институты коммерциялық емес акционерлік қоғамы 80 с. №968
3	Гаркач Лидия Дмитриевна	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106548
4	Айтуганова Алма Абдрахимовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106546
5	Айсиева Сандугаш Кенжалиевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106544
6	Шаупанова Алтынай Муратовна	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106562
7	Нагметова Сагида Салимгереевна	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106556
8	Назарғалиева Камила Нурлановна	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106557
9	Мутигуллина Сымбат Нұрланқызы	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106555
10	Қанат Аманат	Дене	«Бастауыш мектепте	21.02.2025	НЗМ ДББҰ

	Азаматұлы	шынықтыру	инклюзивті білім беру тәжірибесі»	ж.	ПШО 80с. №106554
11	Есентемір Назерке Сайлауқызы	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106549
12	Джумашева Гайша Мутиевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Заманауи педагог қызметіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар»	03.03-14.03.2025 ж.	«Асқар» Кәсіби Даму Орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 80 с. №994
13	Кунашев Дамир Серикович	Тарих	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: тарих пен құқық негіздерін оқытудың тиімді тәжірибесі»	07.03.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106780
14	Ғалимова Аққалқа Қобыландықызы	Математика	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: математиканы оқытудың тиімді тәжірибесі»	28.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106652
15	Тілегенова Ақұла Айдарқызы	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру»	07.04-18.04.2025 ж.	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0937825
16	Айсиева Сандугаш Кенжалиевна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні	«Қазақ тілі мен әдебиеті» Т2 пәні педагогтерінің пәндік және кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	07.04.-18.04.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0937899
20	Таскулова Гульнара Максұтовна	Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	«Формирование читательской грамотности на уроках русского языка и литературы Я2»	07.04.-18.04.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0937943
21	Касмуханова Гульжиян Меркеевна	Бастауыш сынып мұғалімі	«Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру»	07.04.-18.04.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0937816
22	Ижанова Айслу Кабиевна	Көркем еңбек	«Повышение профессиональной компетентности педагогов в сфере дизайна и художественного моделирования»	17.02.-28.02.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №1035906
23	Демеуова Динара Рыскалиевна	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тиімді тәжірибесі»	02.04.2025	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106947
24	Балгабаева Жанаргуль Женисовна	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте құндылыққа бағдарланған тәсілді жүзеге асыру»	09.09-20.09.2024	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0761984
25	Серікова Аяжан Баймұратқызы	Музыка	«Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»	30.09.-11.10.2024	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0764902
26	Жазанова Махабат Сагандыковна	Орыс тілі мен әдебиеті	«Развитие предметных компетенций педагогов: эффективные практики обучения русскому языку и литературе»	28.02.2025	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106735

27	Бекишева Шакизат	Көркем еңбек	«Повышение профессиональной компетентности педагогов в сфере дизайна и художественного моделирования»	17.02.- 28.02.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №1035901
28	Вагапова Эльвира Вагизовна	Психология	«Сенсорная интеграция. Диагностика и коррекция»	17.03- 28.03.2025	«Педагогтер мен психологтар академиясы» ЖШС 80 сағат 0983
29	Диярова Айымгуль Азаматовна	Информати ка	Педагогтердің цифрлық құзырлылығын дамыту	16.09- 27.09.2024	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0764695
30	Нурашева Жазира Кожасаулқызы	Бастауыш сынып	«Бастауыш сынып оқушыларының зерттеушілік және жобалық іс-әрекеті»	07.10- 18.10.2024	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0778220
31	Носова С.А.	Информати ка	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106558
32	Рахметова А.Ж.	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106559
33	Туребаева И.К.	Орыс тілі мен әдебиеті	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106561
34	Сайнов Әділғазы Тұрсынғалиұлы	Инфоматик а	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106560
35	Айтанова М.И.	Бастауыш сынып	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106545
36	Бычкова С.Ю.	Ағылшын	«Бастауыш мектепте инклюзивті білім беру тәжірибесі»	21.02.2025 ж.	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106547
37	Абилкаримова Ж. Е.	Ағылшын	Педагогтердің пәндік құзыреттілігін дамыту: ағылшын тілін оқытудың тиімді тәжірибесі»	28.02.2025	НЗМ ДББҰ ПШО 80с. №106632
38	Джуматов Б.С.	Көркем еңбек	Көркем еңбек пәні педагогтерінің кәсіби құзіреттілігін жетілдіру	30.12.2024	«Ustaz» педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы» ЖШС 80 с. №706
39	Атауова А.Б.	Көркем еңбек	Дизайн және көркемдік модельдеу саласында мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігін арттыру	28.10- 08.11.2024	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0935073
40	Қарес А.А.	Химия	Химияны оқытудағы инновациялар мен замануи технологиялар	30.09.- 11.10.2024	«Өрлеу» БАҰО АҚ 80 с. №0764942
41	Қарес А.А.	Куратор	Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын	29.11.2024 ж	«Өркен» балалардың

			қамтамасыз ету		әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты коммерциялық емес акционерлік қоғамы 40 с. №0050496
41	Джумашева Г.М.	Қазақ тілі мен әдебиеті	«Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) пәні педагогтерінің пәндік және кәсіби құзіреттіліктерін дамыту»	12.05.-24.05.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0938482 80 с.
42	Горкач Л.Д.	Бастауыш сынып	Реализация ценностно-ориентированного подхода в начальной школе	12.05.-24.05.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0938428 80 с.
43	Назарғалиева К.	Бастауыш сынып	Реализация ценностно-ориентированного подхода в начальной школе	12.05.-24.05.2025	«Өрлеу» БАҰО АҚ №0938437 80 с.
44	Қанат А.А.	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	04.10.2024	Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы 80сағат № 0003768
45	Қанат А.А.	Дене шынықтыру пәні мұғалімі	Дене шынықтыру педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту	04.10.2024	Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы 80сағат №0005026

2023-2024 оқу жылына педагогтардың біліктілік арттырудың перспективалық жоспары бойынша 45 педагог жоспарланса, 30 педагог өз білімін жетілдірсе, 2024-2025 оқу жылында 54 педагог жоспарланса, оның 48 педагогі біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Жоспардың орындалуы (2023-2024)– 66,6 % (2022-2023 оқу жылы басталғаннан бері 21 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті.) ө.ж. салыстырсақ бұл 9 педагогқа немесе 30% көп.

2024-2025 оқу жылы бойынша жоспардың орындалуы 79,6%, өткен оқу жылымен салыстырғанда 18 педагогке артқан.

Перспективалық жоспарды орындау жіне 3 жыл сайын педагогтардың біліктілік арттыру курсынан өту керектігін ескерсек, 2025-2026 жылы курстан өтуі керек педагогтер тізімі ұсынылып отыр. Курстардың жаз мезгінде ұйымдастырылуы мүмкіндігін ескере отырып, еңбек демалысына қарамастан тегін ұйымдастырылатын білім арттыру курстарына осы педагогтар қамтылуы тиіс.

Пәні	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы	2027-2028 оқу жылы
Қазақ тілі мен әдебиеті	Акашаева З.М. Бисенғалиева С.С. Тамашева Ж.А. Үмбетова Р.Ү. Абдрахманова А.Д Кабдылкадирова Б.М. Рсаева М.Т. Султанов А.Т.	Есентемір Н.С. Сейтова Г.А. Айтуганова А.А.	Айсиева С.К. Джумашева Г.М. Хайрушева Д. М. Демеуова Д.Р.
Орыс тілі мен әдебиеті	Туребаева И.К.	Казанцева О.М. Аманбаева А.Н.	Жазанова М.С. Таскулова Г.М.

		Кунуспаева А.Е.	
Ағылшын тілі	Ким Е.В. Кажимова А.К. Утениязова М.С. Нұрланова А.Ж. Ахтаров М.Ж. Хамиева Ж.Г. Бычкова С.Ю. Плясова Т.Н. Садыкова Л.М. Кайыргалиева Г.Б.	Балманова А.Т. Баяндыкова Ж.М. Королева Е.В. Уапова А.А. Тулеуова М.К.	Абилкаримова Ж.Е.
Математика	Жубанова А.Т. Калинов А.И. Ашекенова У.Е. Утегенова А.С.	Кунакбаева А.П.	Ғалимова А.Қ.
Информатика		Баубекова Ж.Ж. Давлеткалиева А.К. Негметов М.Ж. Сайнов Ә.Т. Умарова Б.Ж.	Диярова А.А.
Физика	Исатай Ә.Ш. Жусупкалиева К.К.		
Бастауыш сынып	Байзенова Ж.З. Ихсанова Ш.Ж. Умбетова Г.Ш. Туралиева Д.Ф. Андирова Ж.Ч. Кужаева Г.С. Шайхиева Д.Е. Чапурина А.А. Науменко И.Н. Салихова А.Р. Закарина А.Д. Мутигуллина С. Каирғалиева А.М.	Айтанова М.Е. Алпамысова Ә.А. Сагиева Г.А. Шаупанова А.М. Доскалueva А.А.	Нагметова С.С. Мырзахметова А.Т. Балгабаева Ж.Ж. Касмуханова Г.М. Нурашева Ж.К. Рахметова А.Ж. Малтабарова Б.А. Тлегенова А.А. Горкач Л.Д. Назарғалиева К.Н.
Тарих	Артиғалиева А.М. Зарипова Л.В. Қусанова Ә.К. Утишқалиева С.К.	Құспанова А.Е. Қайыржанова Г.Р. Негметов Р.К.	Кунашев Д.С.
Биология	Бақыт А.Қ. Тапаков С.Б.	Карес Г.Е. Орлова М.А.	Тугультаева Н.Б. Карес А.А.
Химия	Мадиев М.Г. Нурсейтова Г.	Орынғалиева А.Р.	
География	Сихов Е.Т.	Хайруллина А.Б.	
Технология	Кажғалиева Н.С. Саттарова Г.А.	Габдуллин М.Г. Качурина С.Н. Хихлухина Е.В.	Атауова А.Б. Джуматов Б.С. Бекишева Ш.
Музыка		Аюпова Н.Г.	Серікова А.Б.
АӘД		Баймухамбетов Б.Т.	
Дене шынықтыру	Джетибаев Р.К. Шагуанов Р.А. Джаманбаев А.М. Теміртасов Ә.Б.	Мухамбетов Е.Г.	Панфилов П.Н. Садыков А.К. Қанат А.А.
Психолог	Есетова А.М.		Вагапова Ә.В.
Логопед	Ихласова А.Е. Рамазанова Г.Ж.		
барлығы	48	34	24

Педагогтардың аттестациясы

Қазіргі таңда негізгі барлығы 32 педагог, оның ішінде пән бойынша 26 (19,5%) педагог, 6 (24%) қосымша (Эстетикалық бөлім бойынша 6 педагог педагог-модератор санатына өтуге ниет білдірді.) білім беру педагогтері аттестациядан өтуге ниет білдірді. Негізгі пән бойынша 26 педагогтің 5 педагогі педагог-зерттеуші өздеріндегі бар біліктілік санатын растауға, 8 педагог зерттеуші санатын алуға, Педагог-сарапшы санатын алуға 5 педагог, педагог-модератор санатын алу үшін 15 педагог өтініш білдіріп отыр.

	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор
1	Науменко И.Н.	Баубекова Ж.Ж.	Кайргалиева А.М.
2	Нагметова С.С.	Ғалимова А.Қ.	Джаманбаев А.М.
3	Малтабарова Б.А.	Аюпова Н.Г.	Канат А.А.
4	Зарипова Л.В.	Кунашев Д.С.	Атабаева Г.М.
5	Панфилов П.Н.	Құспанова А.Е.	Абдугалиева Р.К.
6	Жазанова М.С.		Нурсейтова Н.М.
7	Демеуова Д.Р.		Мукатаев А.Д.
8	Бақыт А.Қ.		Ералиева М.С.
9	Абилкаримова Ж.Е.		Негметова Д.М.
10	Давлеткалиева А.К.		Қусанова Э.К.
11	Негметов М.Ж.		Андирова Ж.Ч.
12	Вагапова Э.В.		Байиухамбетов Б.Т.
13			Рамазанова Г.Ж.
14			Серікова А.Б.
15			Омарханова А.С.
БАРЛЫҒЫ	12	5	15

2023-2024 оқу жылында өтініш берген 52 педагогтің 44 педагогі ППБ сәтті тапсырып (84,6%), өтініш берген санатын алды.

2024-2025 оқу жылында өтініш білдіріп отырған педагогтар саны –32 . Оның 17 педагогі (53,1%), ППБ сәтті тапсырып, портфолисын жинақтады. 6 педагог ППБ тапсырмай, портфолио жинау арқылы өтеді. (Андирова Ж.Ч. жоғары санатты педагог-модератор санатына ППБ тапсырмай өтеді және 5 педагог-зерттеуші өз санаттарын растайды.) Қалған 5 педагог жаз мезгілінде ППБ тапсыруға барады. 3 педагог (Джаманбаев А., Абдугалиева Р, Нурсейтова Н.) берілген 2 мүмдіктен де тиісті балды жинай алмады (1%),. Педагог- сарапшы санатына өтініш берген А.Құспанова өтініш берген санатынан төмен балл жинады.

2024-2025 оқу жылы бойынша аттестаттаудан өтетін педагогтер саны – 21

Пәні	2025-2026 оқу жылы	2026-2027 оқу жылы	2027-2028 оқу жылы	2028-2029 оқу жылы	2029-2030 оқу жылы
Қазақ тілі мен әдебиеті	Джумашева Г.М. Султанов А.Т. Үмбетова Р.Ү. Хайрушева Д. М. Есентемір Н.С.	Рсаева М.Т. Акашаева З.М Кабдылкадирова Б.М.	.	Айсиева С.К. Бисенгалиева С.С. Тамашева Ж.А. Сейтова Г.А. Айтуганова А.А. Абдрахманова А.Д	Демеуова Д.Р.
Орыс тілі мен әдебиеті	Казанцева О.М.	Аманбаева А.Н. Туребаева И.К.		Таскулова Г.М. Кунуспаева А.Е.	Жазанова М.С.
Ағылшын тілі	Ким Е.В. Кажимова А.К. Утениязова М.С. Нұрланова А.Ж. Түлеуова М.К. Хамиева Ж.Г. Садыкова Л.М. Кайыргалиева Г.Б.		Баяндыкова Ж.М.	Балманова А.Т. Уапова А.А. Королева Е.В. Ахтаров М.Ж. Бычкова С.Ю. Плясова Т.Н.	Абилкаримова Ж.Е.
Математика	Ашекенова У.Е. Жубанова А.Т.			Утегенова А.С. Калинов А.И. Кунакбаева А.П.	Ғалимова А.Қ.
Информатика		Диярова А.А.		Сайнов Ә.Т. Умарова Б.Ж.	Баубекова Ж.Ж. Давлеткалиева

					А.К. Негметов М.Ж.
Физика			Исатай Ә.Ш. Жусупкалиева К.К.		
Бастауыш сынып	Туралиева Д.Ф. Горкач Л.Д.	Сагиева Г.А. Ихсанова Ш.Ж. Умбетова Г.Ш Назаргалиева К.Н. Мутигуллина С. Чапурина А.А. Мырзахметова А.Т.	Балгабаева Ж.Ж. Касмуханова Г.М. Нурашева Ж.К. Тлегенова А.А.	Рахметова А.Ж. Доскалиева А.А. Байзенова Ж.З. Айтанова М.Е. Алтамысова Э.А	Андирова Ж.Ч. Малтабарова Б.А. Науменко И.Н. Шайхиева Д.Е. Шаупанова А.М. Нагметова С.С.
Тарих		Қайыржанова Г.Р.		Артигалиева А.М. Негметов Р.К. Утишкалиева С.К.	Кунашев Д.С. Құспанова А.Е. Зарипова Л.В. Кусанова Э.К.
Биология	Карес Г.Е. Нурсейтова Б.М.	Орлова М.А.	Карес А.А.	Тугультаева Н.Б.	Бақыт А.Қ.
Химия	Тапаков С.Б.			Мадиев М.Г.	Орынгалиева А.Р.
География		Хайруллина А.Б.	Сихов Е.Т.		
Технология	Бекишева Ш.	Саттарова Г.А. Качурина С.Н. Хихлухина Е.В.	Атауова А.Б.	Габдуллин М.Г. Кажгалиева Н.С	
Музыка					Серікова А.Б. Аюпова Н.Г.
АӘД					Баймухамбетов Б.Т.
Дене шынықтыру	Джаманбаев А.М.	Джетибаев Р.К. Теміртасов Ә.Б.		Шагуанов Р.А. Мухамбетов Е.Г. Садыков А.К.	Панфилов П.Н. Қанат А.А.
Психолог			Есетова А.М.		Ваганова Э.В.
Логопед	Ихласова А.Е.				Рамазанова Г.Ж.
барлығы	24	14	16	34	26

Кәсіби даму – бұл жүйелі жүргізілу, білім саласында жетілу және кеңею, тұлғалық сапалардың дамуы, жаңа кәсіби білімдер мен дағдыларды меңгеру арқылы өзінің барлық еңбек жолында белгілі міндеттерді шеше алуы. Кәсіби маманға айналу, тұлғаның ауқымын арттыру барысында мұғалім өзінің жеке қасиеттеріне сәйкес жағдайларды дамыту, өзгерту, түрлендіру факторы ретінде көбірек әрекет етеді. Педагог қызметтік үдерісінде өзінің кәсіби даму деңгейін өзгертіп отыруға мүмкіндігі бар және сол қажеттілікке ие бола алады. Кәсіби педагогикалық дамудың әртүрлі кезеңдері кәсіби құзіреттіліктің әртүрлі деңгейлеріне сәйкес келеді. Мұғалімнің қызметтік іс-әрекетінің деңгейі неғұрлым жоғары болса, оның кәсіби даму деңгейі де соғұрлым жоғары болады.

2024-2025 оқу жылы қорытындысына сәйкес жалпы білім беретін пәндер бойынша гимназия педагогтерінің рейтингісін қорытындылау нәтижесінде 5 үздік педагог анықталып отыр.

Рахметова Ақгүл Жардемовна 116 балл
Сагиева Гульайым Айткалиевна 105 балл
Казанцева Ольга Михайловна 104 балл

Рсаева Мендыгуль Тулеушовна 103 балл

Орынғалиева А.Р. 92 балл

2024-2025 оқу жылында зейнеткер жасындағы 7 педагог қызмет атқарды: Боброва И.П. – фортепиано оқытушысы, Вастьянова С.А. - фортепиано оқытушысы, Ислямова Б.Ш.- математика пәні мұғалімі, Қуаншалиева А.Ж.- бастауыш сынып мұғалімі, Науменко И.Н.- бастауыш сынып мұғалімі, Пархоменко Т.П. – скрипка оқытушысы, Свешникова Н.Н. – фортепиано оқытушысы.

Келесі 2025-2026 оқу жылында төмендегі пән мұғалімдеріне қажеттілік бар:

Орыс тілі (орыс сыныбына) – 2 бірлік; Математика (орыс сыныбына) – 1 бірлік); бастауыш сынып мұғалімі (орыс сыныбына) – 2 бірлік;

Қосымша (ЭБ) білім бойынша:

Фортепиано 5 бірлік

Концертмейстер 5 бірлік

Домбра 2 бірлік

Вокал 1 бірлік

Скрипка 1 бірлік

Жаңа оқу жылына аталған мамандардың қажеттілігіне байланысты жаз мезгілінде конкурстар жарияланып, қыркүйек айына дейін бос вакансияларды жабу қажет.

ҰСЫНЫС:

- Біліктілік санатын арттыру мақсатында портфолио жинау, рефлексивті есеп жазу, ашық сабақтар өткізуге әдістемелік қолдау көрсету;
- Зерттеу тақырыптарын анықтап, сол бойынша Lesson Study, Action Research жобаларын жүргізу;
- Зерттеу тәжірибесі бойынша озық тәжірибе жинақтау, тарату мақсатында әдістемелік кеңестер, шығармашылық топтар жұмысы ұйымдастыру;
- Мұғалімдерді қалалық, облыстыру бойынша мектепшілік байқаулар ұйымдастыру;
- Жаңа 2024-2025 оқу жылына педагогтардың бос вакансиясын конкурстық негізде жабу жұмыстары қолға алынсын;

III. Білім алушылар контингенті

оқыту кезеңдері	2022-2023 о.ж аяғында		2023-2024 о.ж аяғында		2024-2025 о.ж аяғында	
	саны		саны		саны	
	оқушы	сынып	оқушы	сынып	оқушы	сынып
бастауыш сынып	920	31	984	31	972	31
негізгі мектеп	626	26	691	28	761	30
орта мектеп	63	4	86	5	113	7
мектеп бойынша барлығы	1609	61	1761	64	1846	68

ө.ж. салыстырғанда 85 оқушыға (4 сынып – жинаққа) немесе 4,8% көп.

2024-2025 оқу жылын 1846 оқушымен аяқтап отырмыз. Оның ішінде 1-4 сыныптарда-972 оқушы, 5-9 сыныптарда-761 оқушы, 10-11 сыныптарда- 113 оқушы бар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 1-сыныптағы 176 оқушыға ағымдық бақылау жүргізілмейді. 2-4 сыныптарда 369 оқушы оқу озаты болып оқу жылын аяқтап отыр.

1-сыныпты 176 оқушы аяқтады, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-87, оқытылуы орыс тілінде- 89.

2-4 сыныптарды 796 оқушы аяқтады, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-305 оқушы, оқытылуы орыс тілінде- 491 оқушы. Қазақ сыныптарындағы білім сапасы- 93,11%, орыс тіліндегі сыныптарда- -84,31% құрады, үлгерім 100 %.

5-9 сыныптарды 761 оқушы аяқтады, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-237 оқушы, оқытылуы орыс тілінде- 524 оқушы. Қазақ сыныптарындағы білім сапасы- 77,21%, орыс тіліндегі сыныптарда- 68,89% құрады, үлгерім 100 %.

10-11 сыныптарды 113 оқушы аяқтады, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-44оқушы, оқытылуы орыс тілінде- 69 оқушы. Қазақ сыныптарындағы білім сапасы- 95,45%, орыс тіліндегі сыныптарда- 74,62% құрады, үлгерім 100 %.

Гимназия бойынша барлығы 1846 оқушы оқу жылын аяқтаса, 2-11 сыныптарды 1670 оқушы бітірді, оның ішінде оқытылуы қазақ тілінде-586оқушы, оқытылуы орыс тілінде- 1084 оқушы. Қазақ сыныптарындағы білім сапасы- 86,86%, орыс тіліндегі сыныптарда- 76,56% құрады, үлгерім 100 %. **Жалпы гимназия бойынша 4-тоқсандағы білім сапасы- 80,18% құрады, үлгерім 100 %.**

Гимназия бойынша барлығы 1846 оқушының жылдық білім сапасы- 85,69% құрады, яғни 536 оқу озаты, 895 оқу екпіндісі бар, үлгерім 100 %.

2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша аттестатталмаған оқушы жоқ. Оқу жылының қорытындысы бойынша үлгерім сапасы – 100%, білім сапасы-85,69% құрады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда +3,29% өсім байқалды (2023-2024 оқу жылы 82,4%).

Соның ішінде қазақ тілінде оқытылатын сыныптарда-**91,2% (ө.ж.84%)**, орыс тілінде оқытылатын сыныптарда-**82,6 % (ө.ж.78,59%)** білім сапасын көрсетіп отыр.

Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 бұйрығына сәйкес 1-сыныптың 176 оқушысына аралық аттестаттау өткізілмей, келесі 2-сыныпқа көшіріледі. 2-4 сыныптар арасындағы 796 оқушы жылдық бағалары бойынша сәйкесінше келесі сыныптарға көшіріледі. Оның ішінде оқу озаты – 369 оқушыны құрады.

Білім сапасының сыныптар кесіміндегі динамикасы

сыныбы	1 тоқсан	2 тоқсан	3 тоқсан	4 тоқсан	жылдық
2-а	85,29	91,18	97,06	91,18	91,18
2-ә	90,91	85,29	90,91	90,91	90,91
2-г	90,32	84,38	85,19	88,89	92,59
2-б	93,75	96,88	93,75	93,75	96,88
2-в	100	100	93,55	96,77	96,77
2-д	94,29	97,22	91,67	97,22	97,22
2-ж	81,25	87,88	88,24	70,59	88,24
2 сынып	90,83	91,83	91,62	89,87	93,39
3-а	100	100	100	100	100
3-ә	83,87	93,55	90,32	96,77	96,77
3-г	85,19	88,89	92,59	92,59	92,59
3-ғ	96,15	100	92,31	88,46	96,15
3-б	96,97	91,43	97,06	97,06	97,06
3-в	85,29	82,35	85,29	79,41	88,24
3-д	88,24	85,71	91,67	86,11	91,67
3-е	75,76	80,55	80,55	80,55	82,86
3-ж	91,18	88,24	90,91	91,18	91,18
3 сынып	88,57	90,08	90,87	89,86	92,31
4-а	97	97	100	100	100
4-ә	81,82	84,85	87,88	84,85	87,88
4-г	93,94	97,06	100	97,06	100
4-б	87,1	86,67	90,32	77,42	93,55
4-в	74,19	73,33	74,07	75	82,14
4 д	62,07	68,75	81,25	75	81,25
4-е	80,65	80,65	80	76,67	86,67
4-ж	77,42	83,87	87,1	83,87	87,1
4-з	78,13	87,5	81,25	81,25	87,5
4 сынып	81,69	84,4	87,23	83,75	89,75
2-4 сынып	86,75	88,4	89,79	87,69	91,71

5-г	66,67	64,52	70,97	70,97	74,19
5-д	71,88	78,13	93,33	96,67	96,67
5-а	92	92	84,62	84,62	92,31
5-б	69,23	76,92	80,77	76,92	80,77
5-в	76,92	84	80	80	84
5-е	72,41	86,21	82,76	86,21	89,66
5-ж	62,07	72,41	68,97	75	78,57
5 сынып	72,58	79,17	80,1	81,53	85,13
6-ә	76	86,96	91,67	91,67	91,67
6-в	88,89	84	92	76	96
6-а	74,19	61,29	83,87	87,1	90,32
6-б	56,67	41,38	48,28	58,62	58,62
6-г	82,14	75,86	75,86	65,52	79,31
6-д	44,44	59,26	44,44	50	53,85
6 сынып	70,23	68,12	72,12	71,34	78,05
7-ә	83,33	80,95	88,89	94,74	94,74
7-в	65,22	66,67	70,83	50	70,83
7-а	32,26	64,52	70,97	67,74	70,97
7-б	50	37,5	66,67	58,33	62,5
7-г	77,78	64,29	64,29	67,86	78,57
7-д	42,31	48,15	33,33	44,44	51,85
7 сынып	57,41	60,34	64,47	62,74	70,59
8-ә	64	79,17	80	73,08	84,62
8-г	70,83	86,96	96	84	96
8-а	53,85	50	64	52	56
8-б	56	56	75	75	83,33
8-в	50	69,23	80,77	80,77	84,62
8 сынып	58,73	68,27	79,2	73,02	80,95
9-ә	65	60	65	60	70
9-в	69,23	69,23	69,23	69,23	76,92
9-а	66,67	58,82	75	75	75
9-б	39,29	53,57	64,29	64,29	71,43
9-г	78,26	73,91	83,33	79,17	91,67
9-д	63,64	50	68,18	63,64	81,82
9 сынып	62,09	60,92	70,73	68,29	78,05
5-9 сынып	65,06	67,62	73,58	72,01	78,84
10-а	92,86	91,67	100	100	100
10-ә	91,67	83,33	76,92	84,62	92,31
10-б	65,22	75	61,9	71,43	85,71
10-в	71,43	71,43	78,57	67,86	82,14
10 сынып	76,62	80,35	77,02	77,03	87,84
11-ә	100	100	100	100	100
11-б	100	100	100	100	100
11-а	73,68	78,95	83,33	85	85
11 сынып	100	92,98	91,89	92,31	92,31
10-11 сынып	80,34	82,05	81,98	82,3	89,38
2-11 сынып	76,37	78,53	81,87	80,18	85,69

ҰСЫНЫС:

1. Гимназия бойынша 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша 1846 оқушының білім сапасы- 85,69% құрады, үлгерім 100 %. 536 оқу озаты, 895 оқу екпіндісі бар. Аталған білім сапасының көрсеткіштері «жақсы» деп саналсын.

2. Бастауыш 1-4 сыныптардағы 369 оқу озатын мақтау қағазымен марапатталсын, сонымен қатар 1-4 сыныптардың 972 оқушысы келесі сыныпқа көшірілсін (тізім қоса жалғанды).
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» бұйрығының 35-тармағына сәйкес 5-8,10 сыныптардағы 711 оқушыны «қазақ тілі», «қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен аралық бақылауға жіберілсін (тізім қоса жалғанды). Аталған бұйрықтың 35-1 тармағына сәйкес 8 «в»-сынып оқушылары Амиров Арыстан, Қоныс Жәнібек денсаулық жағдайына орай «қазақ тілі мен әдебиеті» пәні емтиханынан босатылсын.
4. 2024-2025 оқу жылында эстетикалық бағыттағы гимназия бойынша негізгі мектеп курсын бітіруші 5 сынып жинағы, 123 оқушы бар. Оның ішінде 2 сынып-9 «ә», 9 «в» сыныптары оқытуы қазақ тілінде, барлығы-33 оқушы. Орыс тілінде оқытылатын 4 сыныпта – 9 «а», 9 «б», 9 «г», 9 «д»- 90 оқушы бар. Жалпы орта мектеп курсын бітіруші 3 сынып жинағы, 39 оқушы бар. Оның ішінде 2 сынып-11 «ә»-сыныбы қоғамдық-гуманитарлық бағытта, 11б-сыныбы- жаратылыстану-математика бағытында- оқытуы қазақ тілінде, барлығы-19 оқушы. Орыс тілінде оқытылатын 11 «а»-сыныпта- қоғамдық-гуманитарлық бағыт – 20 оқушы бар. 9 «а», 9 «ә», 9 «б», 9 «в»,9 «г», 9 «д»-сыныптардағы 123 оқушы, 11 «а»,11 «ә»,11 «б»-сыныптардағы -39 оқушы қорытынды аттестаттау емтихандарына жіберілсін.

Оқу озаттары мен екпінділері

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Оқу озаттары	317	463	536
Оқу екпінділері	664	857	895
Барлығы	981	1320	1431

Білім сапасы

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024 – 2025 оқу жылы
Білім сапасы	72,4	82,4	85,69

